

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарий" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

Бекітілді

(2024 жылғы 08 қарашадағы сырттай
дауыс берудің № 88 (з) хаттамасы)

2024 жылғы 04 желтоқсаннан айдан
бастап

қолданысқа енгізілді

Іскерлік қатынастарды орнату, қолдау және тоқтату қағидаларына № 6 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 16-баптағы 1-тармақтағы 3) тармақшадағы "Қағидалармен" деген сөзден кейін "(осы баптың 1-1 тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып)" символдарымен толықтырылсын.*
- 16-бап келесідей мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:*
 - Орталық депозитарий клиентінің осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында белгіленген міндеті мынадай міндеттерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:
 - егер Орталық депозитарий осы Қағидалардың 23-бабының 2-тармағына сәйкес осы орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапты болмаса, Орталық депозитарийге Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының заңнамасында және қағидалар жинағында белгіленген міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты талап (талап-арыздар) ұсынбауға;
 - Орталық депозитарийді егер осы Қағидалардың 23-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарий бұны орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапты болмаса, Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты өз клиенттері тарапынан шағымдардан (талаптардан) қорғауға, ал мұндай талаптар (талап-арыздар) қойылған жағдайда, оларды өз есебінен реттеу, оның ішінде Орталық депозитарийдің осындай талаптарды (талап-арыздарды) қою салдарынан келтірген залалын (ол болған кезде) өтеу.

3. 18-баптағы 1-тармақтағы 1) тармақша келесідей редакцияда жазылсын:
- 1) егер осы қызметті көрсетсе, өз клиентіне сұралған немесе талап етілген қызметті көрсетуден бас тарту:
- қолданылатын заңнаманың, ең алдымен Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының нормаларын ықтимал бұзумен ұштасса;
- Орталық депозитарийдің қызметіне ықпал ететін Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнама нормаларының ықтимал бұзылуымен ұштасса;
- ішкі бақылау рәсімдерін орындау шеңберінде оның қызметкерлері анықтаған Орталық депозитарийдің қызметіне тән тәуекелдердің кез келгенін іске асыруға әкеп соғуы мүмкін;
4. 19-баптағы 1-тармақтағы 2-тармақшадағы "қолданылатын заңнаманы бұзу" деген сөздер "қолданылатын заңнама нормаларын бұзу" деген сөздермен ауыстырылсын.
5. 23-бап келесідей мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
3. Егер Орталық депозитарий осы Қағидалардың 18-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес осы қызметті көрсетуден бас тартса, Орталық депозитарий өзінің клиенті сұратқан немесе талап еткен қызметті көрсетуден бас тартуының кез келген теріс салдары үшін жауапты болмайды .

Басқарма төрағасы

А.Н. Мухамеджанов